

**Нанның, нан-тоқаш тағамдарының, тарының, ұнтақ жарманың, пісірілген нан орнына сатылатын ұнның және құрама жемнің бағасын ырықтандыру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 қазандағы N 1163 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

"Қазақ КСР-нде ауылды, селоны және аграрлық өнеркәсіптік-кешенді басым дамыту туралы" және "Аграрлық-өнеркәсіптік кешенді несиелеу және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының орындалуы жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 7 қыркүйектегі N 143 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Нанды және нан-тоқаш тағамдарын, тарыны, ұнтақ жарманы, пісірілген нан орнына сатылатын ұнды, құрама жемді сату 1994 жылғы 15 қазаннан бастап еркін баға бойынша жүзеге асырылады деп белгіленсін.  
( 2 - т а р м а қ ) .

*Ескерту. 2-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.04.10. N 437 қаулысымен*

3. Барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер 1994 жылғы 15 қазандағы жағдай бойынша түгендеу жүргізсін және 1994 жылғы 15 қазанға дейін реттелмелі бөлшек сауда бағасы бойынша сатылған мына өнімдердің қалғандарын қайта бағалау:

нан және нан-тоқаш тағамдары бойынша - 3,5 коэффициентімен;  
пісірілген нан орнына сатылатын ұн бойынша - 3,0 коэффициентімен;  
ұнтақ жарма мен тары бойынша - 2,5 коэффициентімен;  
құрама жем бойынша - 2,5 коэффициентімен жүргізілсін.

Қайта бағалау Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Бағаны ырықтандыруға байланысты өнімдер мен тауарларға қайта бағалау жүргізу туралы" 1992 жылғы 3 қаңтардағы N 4 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, N 1, 8-бап) белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізілсін.

4. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, жергілікті әкімдер мыналарды ескерсін: "1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 14 шілдедегі Заңымен:

1994 жылғы 1 қазаннан бастап ең төменгі жалақы айына 200 теңгеге дейін өсірілді ;

нан өнімдеріне бағаның көтерілуіне байланысты балалары бар отбасылары жәрдемақыларының, аспиранттар, студенттер мен оқушылар алатын стипендиялардың, сондай-ақ табысы аз жұмыс істемейтін зейнеткерлерге өтемдік төлемдердің мөлшері арттырылды.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесе отырып нанға, нан-тоқаш тағамдарына, тарыға, ұнтақ жармаға, пісірілген нан орнына сатылатын ұнға және құрама жемге бағаның босатылуына байланысты табысы аз азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғау мақсатында:

1994 жылдың 1 қазанынан бастап балалары бар отбасыларына берілетін жәрдемақылардың, сондай-ақ табысы аз зейнеткерлерге өтемдік төлемдердің мөлшерін 1994 жылға арналған республикалық бюджеттің 1994 жылдың 9 айындағы орындалуын қарау кезінде нақтылау есебінен 30 процентке өсірсін; аталған жәрдемақылар мен өтемдік төлемдерді қайта есептеу мен төлеуді он күндік мерзім ішінде қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, жергілікті әкімдері және меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдары:

өздерінің қарауындағы әлеуметтік инфрақұрылымдар бойынша тағамның қалыпты нормаларының төмендеуіне жол бермеу жөнінде шаралар қолдансын.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, жергілікті әкімдер " Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы мен тұтыну кооперациясының кәсіпорындарына ұн мен нанға бағаның босатылуына дейінгі жиналып қалған баға айырмашылығындағы берешектің толық өтелуіне шаралар қолдансын.

8. "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы, облыс әкімдері Қазтұтынуодағының нан пісіру кәсіпорындарына өнімнің сатылуына қарай, бірақ ұнның босатылған күнінен бастап есептегенде бір ай мерзімнен кешіктірмей төлем жасай отырып, белгіленген нарықтық қорлар есебіне ұнның босатылуын қамтамасыз ететін болсын.

Қазтұтынуодағына 1995 жылдың егінінен бастап өзінің нан пісіру кәсіпорындары үшін астықты тауар өндірушілерден тікелей шарттар бойынша сатып алуға көшу ұсынылсын.

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне алдағы уақыттағы әлеуметтік төлемдер бойынша кредит мекемелерін қолда бар ақшамен толықтыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

10. "1994 жылға арналған Қазақстан Республикасының нақтыланған республикалық бюджеті туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 14

шілдедегі қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған өнім түрлеріне бағаның босатылуын және "Ақ қауырсын" құс фабрикасы компаниясы мен "Живпром" компаниясының шошқа кешендеріне қаржылай қолдау жасауды ескере отырып, "1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 14 шілдедегі N 137 Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Үкіметке бір ай мерзім ішінде енгізетін болсын.

11. "Нанның, нан-тоқаш өнімдерінің, жарманың, ақ жарманың, пісірілген нан орнына халыққа сатылатын ұнның және құрама жемнің бағасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 13 шілдедегі N 782 қаулысының (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 29, 328-бап), "Құрама жемге реттелетін көтерме баға туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 шілдедегі N 806 қаулысының (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 29, 335-бап) 1-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі